# 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

РҚАО-ның ескертуі: P021429 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 584, 585, 586, 587, 588, 589, 590, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
584-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
**2003** жылға арналған "Әкімшілік шығындар" 001 республикалық
бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 639696 мың теңге (алты жүз отыз тоғыз миллион алты жүз тоқсан алты мың теңге).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 21 наурыздағы N 825 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы ; "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысы .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық органдары қызметінің өздеріне жүктелген функцияларды барынша ұтымды орындауына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық органдарын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) іске!асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !асыру жөніндегі !мер. !
!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралар !зімі !
!ның !ма. !атауы ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------
1. 001 Әкімшілік Жыл Қазақстан Рес.
шығындар бойы публикасының
Төтенше
001 Орталық Штаттың 134 жағдайлар
органның бірлігін ұстау жөніндегі
аппараты Қазақстан Респуб. агенттігі
ликасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі
агенттігіне
жүктелген
функцияларды
орындау. <*>
```

002 Аумақтық Штаттың 1370 Жыл Қазақстан Рес.
органдардың бірлігін ұстау бойы публикасының
аппараттары Қазақстан Респуб. Төтенше
ликасы Төтенше жағдайлар
жағдайлар жөніндегі жөніндегі
агенттігінің агенттігінің
аумақтық аумақтық
органдарына органдары
жүктелген
функцияларды
орындау.
-------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мен аумақтық органдарға жүктелген функцияларды сапалы және мерзімінде орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
585-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау"
009 республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 112411 мың теңге (бір жүз он екі миллион төрт жүз он бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 жарлығы ; " Көкшетау техникалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 243 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 17.01 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білікті кадрлар даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 17.01 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша инженерлер даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) !асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асырудың !мер. !
!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралары !зімі !
!ның !ма. !атауы ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1. 009 Жоғары оқу
орындарында
кадрлар
даярлау
010 Көкшетау Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
техникалық ликасы Төтенше бойы Республикасы
институты жағдайлар жөніндегі Төтенше
агенттігінің штат жағдайлар
саны 120 болатын жөніндегі
Көкшетау техникалық агенттігінің
институты мемлекет. Көкшетау
тік мекемесін ұстау. техникалық
Оқу-ағарту қызметін, институты
оқу, әдістемелік
және ғылыми-зерттеу
қызметін қоса
алғанда, білім беру
қызметін жүзеге
асыру, тыңдаушыларды
азық-түлікпен,
киім-кешекпен және

стипендияның
төленуімен
қамтамасыз ету
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жылдық орташа есеппен - 440 тыңдаушыны оқыту, "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша - 63 жоғары білімді маманды бітіргізіп шығару.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
586-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" 010 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 9 049 мың теңге (тоғыз миллион қырық тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдары қызметкерлерінің шекті штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қазандағы N 1006 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы , Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің 1993 жылғы 22 қаңтардағы келісімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттен бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында мамандар мен қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру, азаматтық қорғаныс әскерлері үшін білікті офицер кадрларын және төтенше

жағдайлардың алдын алу және жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесі үшін біліктілігі жоғары мамандар даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: басшы құрамның, сондай-ақ еліміздің азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою салаларындағы қызметті жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа ұйымдардың мамандарының біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарына, республиканың басқа да ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) !асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асырудың !мер. !
!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралары !зімі !
!ның !ма. !атауы ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1. 010 Кадрлардың Жыл Қазақстан Рес.
біліктілігін бойы публикасының
арттыру және Төтенше
оларды қайта жағдайлар
даярлау жөніндегі
агенттігі
006 Мемлекеттік 47 санат бойынша
мекемелер 1450 тыңдаушыны
кадрларының оқыту үшін қызмет
біліктілігін көрсету (жұмыс)
арттыру және сатып алу, төтенше
оларды қайта жағдайлар мен
даярлау азаматтық қорғаныс
бойынша оқыту
бағдарламасы 62
тақырыпты
қарастырады, оқыту
курсы бір аптадан
(42 оқу сағаты)

тұрады.
031 Шетелдегі Ресей Федерациясы
кадрлардың Төтенше жағдайлар
біліктілігін министрлігінің
арттыру және Азаматтық қорғаныс
оларды қайта академиясында оқитын
даярлау тыңдаушылардың және
олардың отбасы
мүшелерінің барып-
қайту көлігінің,
жүктерін тасымалдау
шығындарын
қамтамасыз ету.
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласында 1450 тыңдаушының білімі мен дағдысының деңгейін көтеру, олардың ғылым мен жаңа техниканың жетістіктерін меңгеруі.

2003 жылғы жоспар бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалар саласында 7 білікті маманның бітіріп шығуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
587-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру"**
**031 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 380 300 мың теңге (үш жүз сексен миллион үш жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылар мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі 482 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; "Кәсіптік авариялық-құтқару қызметтері мен құрамалары құтқарушыларының еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу үшін еңбек стажын есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1185 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдары қызметкерлерінің шекті штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қазандағы N 1006 қаулысы , "28237, 52859, 68303 әскер бөлімдерінің Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының штабына бағыныстылығы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 264 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 400 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 шілдедегі N 1037 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 ақпандағы N 40 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық жүргізуші объектілері және аумақтарын қорғау, төтенше жағдайларға дер мезгілінде мән беру, төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды қабылдау және өңдеу, төтенше жағдайларды жоюға тұрақты дайындықтағы авариялық-құтқару күштері мен құралдарын ұдайы және үзіліссіз басқаруды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлардың іс-қимылдарына жоғары дайындықты қамтамасыз ету, дереу мән беру, авариялық-құтқару қызметтерінің апат болған аудандарға және алға қойылған әскери міндеттерді орындайтын аудандарға уақытында жетуі, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөнінде іздестіру-құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жедел жүргізу, баруы қиын аудандарда, қауіптілігі жоғары объектілерде құтқару және

іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, табиғи апаттардың, авариялардың және апаттардың салдарынан зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету, байланыстың радиомобильді, радиотелефонды, транктивті, спутниктік құралдарымен төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды уақтылы және тұрақты түрде қабылдап алу, алынған ақпараттарды жедел өңдеу, авариялық-құтқару күштері мен құралдарын басқару пунктінде жедел қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласында мемлекеттік басқару органдарымен үзіліссіз және тиімді байланысты қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) !асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асырудың !мер. !
!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралары !зімі !
!ның !ма. !атауы ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1. 031 Табиғи және
техногендік
сипаттағы
төтенше
жағдайларды
жоюды
ұйымдастыру
030 Республикалық "Республикалық Жыл "Республикалық
жедел-құтқару жедел-құтқару бойы жедел-құтқару
жасағы жасағы" мемлекет. жасағы"
тік мекемесін мемлекеттік
(штат саны - 56 мекемесі
адам) ұстау
2. 032 Әскер бөлім. Әскер бөлімдерді Жыл 28237, 52859,
дерді ұстау (штат саны - 1202 бойы 68303 әскер
адам) ұстау бөлімдері
3. 033 Аэромобильді Мынадай мемлекет. Жыл Мемлекеттік
аймақтық тік мекемелерді бойы мекемелер:

жедел-құтқару ұстау: Орталық Орталық
жасақтары аймақтық жедел- аймақтық жедел-
құтқару жасағы құтқару жасағы,
(штат саны - 40 Батыс аймақтық
бірлік), Батыс жедел-құтқару
аймақтық жедел- жасағы, Шығыс
құтқару жасағы аймақтық жедел-
(штат саны - 32 құтқару жасағы,
бірлік), Шығыс Солтүстік
аймақтық жедел- аймақтық жедел-
құтқару жасағы құтқару жасағы,
(штат саны - 32 Оңтүстік
бірлік), Солтүстік аймақтық жедел-
аймақтық жедел- құтқару жасағы
құтқару жасағы
(штат саны - 32
бірлік), Оңтүстік
аймақтық жедел-
құтқару жасағы
(штат саны - 32
бірлік)
4. 035 Республикалық "Республикалық Жыл "Республикалық
дағдарыс дағдарыс орталығы" бойы дағдарыс
орталығы мемлекеттік орталығы"
мекемесін (штат мемлекеттік
саны - 25 адам) мекемесі
ұстау
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға республикалық жедел-құтқару жасағының, әскери бөлімдердің, аэромобильді аймақтық жедел-құтқару жасағының тұрақты дайындығын әрдайым қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды уақытында және сапалы өңдеу, төтенше жағдайларды жоюға тұрақты дайындықтағы авариялық-құтқару күштері мен құралдарын ұдайы және үзіліссіз басқаруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

588-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Селден қорғау объектілерін пайдалану"**
**032 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 249243 мың теңге (екі жүз қырық тоғыз миллион екі жүз қырық үш мың теңге).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық-негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің органдары мен ведомстволық ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдарының шекті штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қазандағы N 1006 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы сел, қар көшкіні, жар көшкіні, опырылып құлаудың алдын алу және олардың зардаптарын жою, сел құбылыстары мен жер сілкінісін болжау. Селден қорғау құрылғыларын пайдалануды қамтамасыз ету, халықты, шаруашылық жүргізу объектілерін және Қазақстан Республикасының жерлерін қауіпті табиғи құбылыстардың (сел тасқыны, қар көшкіні, жар көшкіні, опырылып құлау, қатты жер сілкінісі) әсерінен сенімді қорғау, олардың зардаптарын жоюды ұйымдастыруға қатысу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: селден қорғау құрылғыларын ағымдағы жөндеуден өткізу, бақылау және хабарлау қызметтерінің қызметін қамтамасыз ету, аэрошолу жұмыстары, мұзарт көлдерді босату жөніндегі алдын алу жұмыстары, қар көшкіндерін алдын ала түсіру бойынша ату жұмыстары, жер сілкінісінің қысқа мерзімді болжамдарын қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми-болжау жұмыстары.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) іске!асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !асыру жөніндегі !мер. !

!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралар !зімі !

!ның !ма. !атауы ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 032 Селден Жыл
қорғау бойы
объектілерін
пайдалану
030 "Қазселден. "Қазселденқорғау" "Қазселден.
қорғау" мемлекеттік қорғау"
мекемесінің 540 мемлекеттік
бірлік штат санын мекемесі
ұстау.
Алты гидротехни.
калық құрылғыны
ағымдағы жөндеуден
өткізу, аэрошолу
жұмыстары, мұзарт
көлдерін босату
жөніндегі алдын
алу жұмыстары,
жер сілкінісінің
қысқа мерзімді
болжамдарын
қамтамасыз ету
жөніндегі ғылыми-
болжау жұмыстары,
қар көшкіндерін
алдын ала түсіру
бойынша ату
жұмыстары.

032 "Жөндеу-қал- Шамалған сел жыл "Қазселден.
пына келтіру сынақтары ішінде қорғау"
жұмыстарын полигонын мемлекеттік
және селден ағымдағы мекемесі"
қорғау объек-
тілерін мате-
риалдық-тех-
никалық қам-
тамасыз ету
іс-шараларды
жүргізу
-----------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: халықты, шаруашылық жүргізу объектілерін және жерлерді сенімді қорғауды қамтамасыз ету және Алматы облысының қорғану құрылғыларын пайдалану жағдайында ұстау (Селден қорғау көлемі 12,6 млн. м $^3$ "Медеу" кешені, Үлкен Алматы өзеніндегі селден қорғау көлемі 14,5 млн. м $^3$ селжинағыш-бөгеті, ұзындығы 21 километр Іле Алатауындағы тұрақтанған өзендердің арналары, селді бөгейтін көлемі 1,5 млн. м $^3$ Ұзын Қарғалы өзеніндегі селді қорғау бөгеті, Есік қаласындағы көлемі 1,5 млн. м $^3$ селден қорғау бөгеті, Сарқант өзеніндегі селді бөгейтін бөгет, селден қорғау көлемі 7,2 млн. м $^3$ Барахудзира өзеніндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары, Шығыс Қазақстан облысындағы жағалауларды бекіту жұмыстары, Семей қаласындағы ұзындығы 3,7 километр бөгет, Оңтүстік Қазақстан облысының Бадам өзеніндегі ұзындығы 2,2 километр бөгет және басқалары).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
589-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Тікұшақтарды пайдалану" 034**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 249 687 мың теңге (екі жүз қырық тоғыз миллион алты жүз сексен жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; " Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүлкін беру туралы жекелеген мәселелер" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 45 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда халыққа жедел көмек көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде уақытында жедел қимылдау үшін тікұшақтарды тиімді, ұтымды пайдалану.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асырудың !мер. !

!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралары !зімі !

!ның !ма. !атауы ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 034 Тікұшақтарды 3-тікұшақты ұстау Жыл Қазақстан Рес.

пайдалану үшін - 36000 мың бойы. публикасының

теңге; на Төтенше

3-тікұшаққа жағдайлар

аэродромды жалға жөніндегі

алу үшін - 3687 агенттігі

мың теңге;

3-тікұшақты жөндеу

үшін - 210000 мың

теңге.

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендердің санын азайту, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде жедел қимылдау үшін тікұшақтардың ұшу жарамдығы мен техникалық пайдалануын қолдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
590-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қазқұтқару" бөлімшесі құтқарушыларының жыл сайынғы республикалық (халықаралық) жиын-семинарын өткізу" 036 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1500 мың теңге (бір миллион бес жүз мың).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; " 2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: құтқарушы бөлімшелерін төтенше жағдайлар аймағындағы құтқару жұмыстарын жүргізуге оқыту, трансшекаралық сипаттағы төтенше жағдайлар туындай қалған жағдайда өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: құтқару бөлімшелерінің практикалық сабақтары мен жаттығуларын күрделі ауа райы және географиялық жағдайларда, қауіптілігі жоғары объектілерде ұйымдастыру және өткізу. Табиғи апаттар, авариялар және апаттар салдарынан зардап шеккендерге жедел жәрдем көрсету сабақтарын ұйымдастыру және өткізу. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде авариялық-құтқару құралдарын пайдалануға оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші!бағдарламаны) іске!асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !асыру жөніндегі !мер. !
!ма. !ла. !лардың) !іс-шаралар !зімі !
```

!ның !ма. !атауы ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------
1. 036 "Қазқұтқару" 7 күндік семинар- Жыл Қазақстан Рес.
бөлімшесі жиынды өткізу бойы публикасының
құтқарушы. жөніндегі іс- Төтенше
ларының жыл шараларды жағдайлар
сайынғы рес. қамтамасыз ету, жөніндегі
публикалық оның ішінде кеңсе агенттігі
(халықара. тауарларын, жанар-
лық) жиын- жағармай материал.
семинарын дарын, семинарға
өткізу қатысушыларға
тамақ өнімдерін,
сатып алу,
жалаушалар
дайындау, жүлде
заттарын сатып алу
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге құтқарушылардың дайындығының деңгейін арттыру. Құтқару бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы аумағындағы және одан тыс жердегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды дереу жоюға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету. Төтенше жағдайлар кезінде адам өмірін сақтау жөнінде халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
591-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Өрт қауіпсіздігі саласындағы сынақтарды талдау және жүргізу" 050 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5 000 мың теңге (бес миллион).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласында қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкес келетін талаптарды ескере отырып, мемлекеттік, мемлекетаралық, салалық стандарттарды, техникалық шарттарды, құрылыс нормалары мен ережелерін әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

1. Мыналар бойынша:

- материалдар мен дайын өнімдердің өрт қауіптілігі көрсеткіштерін анықтау;

- өрт сөндіргіш заттар мен өрттен қорғау материалдарының сапасын анықтау;

- өртті табу және өшіру техникалық құралдарына;

- өрт сөндірушілерді және құтқарушыларды қорғау құралдарына, сондай-ақ шаруашылық объектілеріндегі және авариялық құтқару және өртке қарсы бөлімшелердегі техникаға сынақтар мен зерттеулер жүргізу.

2. Өрт сөндіргіш заттар мен өрттен қорғау материалдарын, өрт автоматикасы құралдары мен жабдықтарын жобалау, монтаждау және пайдалану жөніндегі нормативтік құжаттар (мемлекеттік стандарттар, әдістемелік ұсынымдар, т.б.) әзірлеу, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласындағы қолданылып жүрген ИСО халықаралық стандарттарымен сәйкес келуін ескере отырып, оларды сынаудың тәсілдерін анықтау.

3. Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) іске!асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !асыру жөніндегі !мер. !

!ма. !ла. !ның) !іс-шаралар !зімі !

!ның !ма. !атауы ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

---------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------
1. 050 Өрт 1. Мыналар бойынша Жыл Қазақстан Рес.
қауіпсіздігі сынақтар мен бойы публикасының
саласындағы зерттеулер жүргізу Төтенше
сынақтарды жөнінде қызметтер жағдайлар
талдау және сатып алу: жөніндегі
жүргізу - материалдар мен агенттігі
дайын өнімдердің
өрт қауіптілігі
көрсеткіштерін
анықтау бойынша;
- өрт сөндіретін
құрамдар мен
өрттен қорғау
материалдарының
сапасын анықтау
бойынша;
- өртті табу және
оны сөндіру
техникалық құралдары
бойынша;
- өртті табу және
өшіру техникалық
құралдары бойынша;
- өрт сөндірушілерді
және құтқарушыларды
қорғау құралдарына,
сондай-ақ шаруашылық
объектілеріндегі
және авариялық
құтқару және өртке
қарсы бөлімшелердегі
техникаға.
2. Өрт сөндіргіш
заттар мен өрттен
қорғау материалдарын,
өрт автоматикасы

техникалық құралдары
мен жабдықтарын
жобалау, монтаждау
және пайдалану
жөніндегі
нормативтік құжаттар
(мемлекеттік
стандарттар,
әдістемелік ұсынымдар,
т.б.) әзірлеу,
сондай-ақ өрт
қауіпсіздігі
саласындағы қолданылып
жүрген ИСО
халықаралық
стандарттарымен сәйкес
келуін ескере отырып,
оларды сынаудың
тәсілдерін анықтау.
3. Өрт қауіпсіздігі
саласындағы
нормативтік-құқықтық
базаны жетілдіру
және дамыту.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: 2003 жылы Қазақстан Республикасының мынадай Мемлекеттік стандарттарын әзірлеу және бекіту жоспарланды: "Қабылдау-бақылау құралдары және басқару өрт сөндіру құралдары. Жалпы техникалық талаптар, Сынау тәсілдері". "Арнаулы өрт дабылдау жүйелері". Жалпы техникалық талаптар. Сынау тәсілдері", "Хабарлау және эвакуацияны басқару өрт техникалық құралдары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау тәсілдері", "Өрт туралы хабарлағыштар. Жіктемелеу. Жалпы техникалық талаптар. Сынау тәсілдері".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
592-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қазақстан Республикасының Төтенше**

**жағдайлар жөніндегі агенттігін Астана қаласына көшіру"**
**051 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 275 000 мың теңге (екі жүз жетпіс бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігін Астана қаласына көшіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің жедел қызметін және оған жүктелген міндеттер мен функциялардың тиімді түрде орындалуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асыру !мер. !
!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !
!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 051 Қазақстан Орталық аппараттың Жыл Қазақстан Рес.
Республика 40-тан аспайтын бойы публикасының
сының қызметкерінің Төтенше
Төтенше қоныс аударуын жағдайлар
жағдайлар ұйымдастыру, оның жөніндегі
жөніндегі ішінде: агенттігі
агенттігін қызметкерлер мен
Астана олардың отбасы
қаласына мүшелерінің
көшіру көліктік шығынын,
Төтенше жағдайлар
жөніндегі агент.

тігі қызметкер.
лерінің жүктері
мен мүліктерін
тасымалдауды;
тұрғын үй сатып
алуды, көшу жәр-
демақысын төлеуді,
әкімшілік ғимара-
тын жөндеуді және
Қазақстан Респуб-
ликасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі
агенттігінің Астана
қаласындағы ғима-
ратын жылыту үшін
жанар-жағармай
материалдарын (солярка)
сатып алуды. ----------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.24. N 150am қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларды сапалы және уақытында орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
593-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Лицензиарлардың функцияларын орындау"**
**079 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 68 мың теңге (алпыс сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу

туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысы; "Авариялық-құтқару қызметтерін, құрамаларын және құтқарушыларды аттестаттаудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 808 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: адамдардың, материалдық құндылықтардың, халық байлығын және қоршаған ортаның өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін лицензия беру, аса қауіпті өндірістердің авариялық-құтқару қызмет көрсетуін тиісті деңгейде ұстау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: лицензиаттың функцияларын бақылау жөніндегі лицензиардың функцияларын жүзеге асыру, мәлімденген лицензияланатын қызмет түрлері бойынша лицензия алуға ізденушілердің кәсіби дайындығын бағалау, шығарылатын немесе сатылатын өрт-техникалық өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асыру, өрт дабылдағышы және өртке қарсы автоматика жүйелерінің жобалау жұмыстарын орындау кезінде өртке қарсы құрылыс нормасы мен ережесі талаптарын сақтауды және орындауды бақылау, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге лицензиаттың дайындық дәрежесін, лицензиаттың тиісті техникаларының, мүліктерінің және жабдықтарының қолда барын және олардың жай-күйін тексеру, лицензиат құтқарушылардың тиісті кәсіби деңгейін, медициналық дайындығын, дене және адамгершілік дайындығын бағалау.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

```
------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !
!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !
!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------------
1. 079 Лицензиардың 300 дана бланкі Жыл Қазақстан Рес.
функцияларын өнімдерін қатаң бойы публикасының
орындау есеппен сатып алу. Төтенше
жағдайлар
```

жөніндегі
агенттігі
--------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы стандарттарының талаптарына жауап беретін өрттен қорғану үшін объектілерді, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, адамдар мен материалдық құндылықтардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 2003 жылы 300-ге дейін лицензия беру жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
594-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Төтенше жағдайлар жөніндегі мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыру"**
**208 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 449146 мың теңге (төрт жүз қырық тоғыз миллион бір жүз қырық алты мың теңге).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Авариялық-құтқару қызметі мен құтқарушылар мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жекелеген ведомстволық бағынысты ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысы ; "Республикалық жедел құтқару жасағы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы N 235 қаулысы ; " 28237, 52859, 68303 әскери бөлімдерінің Қазақстан Республикасы азаматтық қорғанысының штабына бағыныстылығы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 264 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 наурыздағы N 400 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің

мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 шілдедегі N 1037 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда және жою кезінде тұрақты жұмыс істеуі үшін республикалық жедел құтқару жасағын, әскери бөлімдерді, аймақтық аэромобильді жедел құтқару жасақтарын, "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесін қажетті жабдықтармен, автокөліктермен, құралдармен жабдықтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық жедел құтқару жасағы қызметінің тиімділігін, әскери бөлімдердің тұрақты түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларды жою жөніндегі қызметтің тиімді болуы үшін аймақтық аэромобильді жедел-құтқару жасақтарын авариялық-құтқару аспаптарымен, жабдықтарымен, жарақтарымен және автокөлік техникасымен қамтамасыз ету, селден қорғау құрылыстарын пайдалануды, Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық жүргізуші объектілерін және жерлерін табиғаттың қауіпті құбылыстарының әсерінен (сел тасқыны, қар көшкіні, жар көшкіні, опырылып құлау, жер сілкінісі) сенімді түрде қорғалуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асырудың !мер. !

!ма. !ла. !ның) !іс-шаралары !зімі !

!ның !ма. !атауы ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 208 Төтенше

жағдайлар

жөніндегі

мекемелерді

материалдық-

техникалық

жарақтандыру

2. 030 Республика. Сатып алу: Жыл Республикалық

лық жедел 1. Автокөлік (8 бойы жедел-құтқару

құтқару бірлік) оның жасағы
жасағының ішінде: автобус -
активтер 1 бірлік, Камаз -
сатып алуы 1 бірлік, УАЗ - 3
бірлік, Газель - 3
бірлік, НИВА - 1
бірлік.
2. Химиялық қорғану
жабдықтары:
химиялық қорғау
костюмі, демалдыру
аппараты,
газанализаторлар.
3. Сүңгуір
жабдықтары: құрғақ
және ылғал
түріндегі гидро.
комбинезондар,
жүзу жилеттері-
компенсаторлары,
үрленетін құтқару
қайығы, қайық
моторы.
4. Арнайы авариялық
-құтқару аспаптары:
бензопил, бұрыштық
өңдеу машинкасы,
перфораторлар,
балғалар,
болгаркалар,
электростансалар,
5. Радиобайланыс-
мобильді радиостанса,
алып жүретін
радиостансалар,
спутниктік терминал.
6. Медициналық
жабдықтар және
жаттығу жабдықтары.

7. Құтқарушыларды
оқытуға арналған
аудио және видео
техникасы және
ұйымдастыру
техникасы.
8. Құтқарушының
тіршілігін қамтамасыз
ету жинағы 245 дана
3. 031 Әскери Авариялық-құтқару Жыл 28237, 68303,
бөлімдердің жабдықтары мен бойы 52859 әскери
активтер аспаптар сатып алу: бөлімдері
сатып алуы Авариялық-құтқару
көлігі - 8 дана
Авариялық-құтқару
аспаптарының жинағы
- 11 жинақ
Компрессорлы станса
- 5 дана
Жүк тиейтін
автокөлік - 2 дана
Дәнекерлеу агрегаты
- 6 дана
Авариялық-құтқару
жарақтары - 595 дана
Өлшеу құралдары мен
сигнализаторлар -
19 дана
Арқан 7 шақырым
Сыныпқа, гептилға,
тұншықтырғыш газға,
цинанидке арналған
индикаторлық түтік
- 364 дана
Дозиметрлер мен
қорғану жүйелері -
38 дана
Радиостансалар
сатып алу - 50 дана

Құтқару жабдықтарын
сатып алу - 10 дана
Асхана жабдықтары -
15 дана
Компьютер - 12 дана
Принтер - 9 дана
Байланыс тораптары
- 37 дана
Кабелдік сымдар -
85 шақырым
4. 032 Аймақтық Орталық аймақтық Жыл Аймақтық
аэромобиль. аэромобильді жедел- бойы аэромобильді
дік құтқару жасағы; авариялық-
авариялық Батыс аймақтық құтқару
құтқару аэромобильді жедел- жасақтары
жасақтарының құтқару жасағы;
активтер Шығыс аймақтық
сатып алуы аэромобильді жедел-
құтқару жасағы;
Солтүстік аймақтық
аэромобильді жедел-
құтқару жасағы;
Оңтүстік аймақтық
аэромобильді жедел-
құтқару жасағы
үшін 9 бірлік
автокөлік, 82
бірлік радиостанса,
10 бірлік дауысы
қатты шығатын
құрылғы, 64 бірлік
шағын механизация
мен жинақтаушы
құралдарын, 2
топтық жарық беру
жинағын, 10 орындық
3 дана шатырды, 6 бірлік
электрстансасын
(5 КВТ, 3,5 КВТ),

2 дана үрленетін
қайық, 5 бірлік
компьютер
техникасының
жинағын, 1 бірлік
факс, 1 бірлік
видеокамера, 1 дана
жоғары қысымды
компрессор, 1
дана қысу
компрессорын, 5 бірлік
жылудан қорғану
костюмін, 6 дана
демалдыру аппаратын,
2 бірлік белдікке
байланған сүңгу
жабдықтарын сатып
алу. <*>
5. 036 "Қазселден. 10 дана ұйымдастыру Жыл "Қазселден.
қорғау" техникасын, 1 дана бойы қорғау"
мемлекеттік МТВ-2000 40 Вт мемлекеттік
мекемесінің репитерін, 11 мекемесі
активтер бірлік автокөлік,
сатып алуы 1 дана автошеберхана
сатып алу
037 "Төтенше Құтқару жыл "Қазақстан
жағдайлардың жұмыстарын ішінде Республикасының
алдын алу және жүргізу Төтенше
оларды жою және төтенше жағдайлар
жөніндегі жағдайларды жою жөніндегі
жұмыстарды үшін өткізгіштігі агенттігі"
жүргізу үшін жоғары қырық
арнайы техни- бірлік арнайы
каны орталық- техника сатып алу
тандырылған
сатып алу. <*>
-----------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г , 2003.12.26. N 150ап қаулыларымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Республикалық жедел қимылдау жасақтары алдағы уақытта одан әрі нығайту және жоғары кәсіби ұйым құру, автокөлік, химиялық қаруға қарсы және сүңгу жабдықтарын, радио байланыстың арнайы құралдарын және медициналық жабдықтар мен ұйымдастыру техникасын жедел режимде (тұрақты дайындықта) ұстау, әскери бөлімдердің тұрақты жұмыс істеуі, табиғи апаттардың авариялардың, апаттардың зардаптарын жою және зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында аймақтық аэромобильді жедел-құтқару жасақтарын авариялық-құтқару, автокөлік техникасымен, жабдықтармен және аспаптармен жабдықтау, Алматы облысының халқын, шаруашылық жүргізуші объектілері мен жерлерін сенімді түрде қорғау және қорғану құрылыстарын пайдалану жағдайында ұстау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
595-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Сел тасқындарын бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін жасау" 216 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 50000 мың теңге (елу миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сел қаупі бар объектілер мен сел тасқындарын бақылауды және мониторингін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық объектілерін және жерлерін қауіпті табиғи құбылыстардан сенімді қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мәліметтерді спутник арқылы беретін сел тасқындары мен сел қаупі бар объектілерді қадағалайтын "Селинфо" автоматты жүйесінің жобасын жасау. Бақылау және хабарлау постарын ұстау. Сел қаупі бар объектілер бассейнінің гидрометеорологиялық сипатын анықтау жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !

!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 216 Сел Қызметтер Қазақстан

тасқындарын (жұмыстар) сатып Республикасы

бақылаудың алу; Төтенше

автоматтан. техникалық жобалар жағдайлар

дырылған жасау; жөніндегі

жүйелерін автоматты бақылау агенттігі

жасау құралдары "Қазселден-

орналастырылатын қорғау" мем-

орындарға барлау лекеттік

жүргізу; мекемесі

бағдарламалық

қамтамасыз етуді

әзірлеу.

дайындық жұмыстары;

Активтер алу:

күн сәулесімен

қоректендірілетін

батарея - 1 дана

жел генераторы - 1

дана

микробақылаушы - 1

дана

спутниктік байланыс
қабылдау-беру
құралы - 1 дана
кеңселік кіші АТС
- 1 дана
өлшеуіш құралдар -
5 дана
аккумулятор - 4
дана
ұйымдастыру
техникасы - 16 дана
сейсмикалық
жабдықтар - 20 дана
видеотехника - 3
дана
радиостанса - 3 дана
-----------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.26. N 150ап қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сел тасқындарын болжау және хабарлау тиімділігін арттыру, жаңа сел тасқындарының маңызды сипатын өлшеу дәлдігін қамтамасыз ету, іс жүзіндегі автоматтандырылған бақылау пунктінің макетін жасау және апробациялау. Автоматты бақылау пунктінің қызмет етуі үшін қажетті бағдарламалық қаражат әзірлеу, сел тудыратын факторлар мен туындайтын сел тасқындары туралы ақпаратты өңдеу жеделдігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
596-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Талғар өзенінде сел ұстайтын бөгет салу"**
**300 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 600000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12

желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Алматы облысының елді мекендерін және ауыл шаруашылығы объектілерін, автокөлік, су жолдарын сел тасқынынан қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Алматы облысы халқының, өнеркәсіптік объектілерінің, автокөлік, су жолдарының селден қорғану жағдайын жасау үшін Талғар өзенінде селді ұстайтын бөгет объектісінің күрделі құрылысын жүргізу және табиғат көрінісін сақтап қалу.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асыру !мер. !

!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !

!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------

1. 300 Талғар Белгіленген Жыл "Қазселден.

өзенінде тәртіпте бекітілген бойы қорғау"

сел ұстайтын жобалық-сметалық мемлекеттік

бөгет салу құжаттамаға сәйкес мекемесі

құрылыс-монтаж

жұмыстарын жүргізу:

1. Бөгеттің 300

мың текше метр

болатын топырақты

бөлігін салу;

2. 25 мың текше

метрлік көлемде

монолитті темір

бетон төсеу

-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Селге қарсы бөгеттің күрделі құрылысты жүргізу 2003 жылғы жобалық сметалық құнының 17%-ын құрайды. 2003 жылдың 1 қаңтарына жұмыстардың 52,9%-ы орындалды, орындалатын жұмыстың жалпы көлемі жобалық сметалық құнының 69,9%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

597-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қарғалы өзенінде селге қарсы құрылыс салу" 302 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 180 000 мың теңге (бір жүз сексен миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Алматы облысының елді мекендерін және ауыл шаруашылығы объектілерін, автокөлік, су жолдарын сел тасқынынан қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Алматы облысы халқының, өнеркәсіптік объектілерінің, автокөлік, су жолдарының селден қорғану жағдайын жасау үшін Қарғалы өзенінде селден қорғайтын құрылыс салу және табиғат көрінісін сақтап қалу.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асыру !мер. !

!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !

!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

1. 302 "Қарғалы Белгіленген Жыл "Қазселден

өзенінде тәртіпте бекітілген бойы қорғау"
селге қарсы жобалық-сметалық мемлекеттік
құрылыс салу құжаттамаға сәйкес мекемесі
селден қорғану
құрылысын салу:
1. бөгеттің 86 мың
текше метр болатын
топырақты бөлігін
салып беру
2. 3,6 мың текше
метрлік көлемде
монолитті темір
бетон төсеу
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қарғалы өзенінде жобалық қуаты 2480 мың текше метрлік селден қорғау құрылысын аяқтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
598-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қордай ауданындағы су тасқынының зардаптарын жоюға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер" 400 республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 105000 мың теңге (бір жүз бес миллион).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы N 321 Заңы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жамбыл облысындағы Қордай ауданында су тасқынының салдарынан зардап шеккен объектілерді қайта қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қордай ауданында су тасқынынан туындаған зардаптарды жою үшін Жамбыл облысының әкімдігіне берілген мақсатты трансферттерді бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:*

------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !жүзеге асыру !мер. !

!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !

!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

------------------------------------------------------------------

1. 400 Қордай Қордай ауданындағы Жыл Қазақстан Рес.

ауданындағы су тасқынынан бойы публикасының

су туындаған зардап. Төтенше

тасқынының тарды жоюға, жағдайлар

зардаптарын жолдарды, көпірлерді жөніндегі

жоюға Жамбыл және гидротехникалық агенттігі

облыстық құрылыстарды қайта

бюджетіне қалпына келтіру

берілетін үшін Жамбыл облысы

мақсатты әкімдігіне берілген

трансферттер мақсатты трансферттер,

оның ішінде:

1. "Тараз қаласын

айналып өту"

автожолдарын және

Талас бөгетін қайта

қалпына келтіру.

2. Байзақ ауданында

7 бағыттаушы бөгетті

және 450 қума

метрлік қорғану

бөгетін қайта

қалпына келтіру.

3. Жуалы ауданында

1 көпірді және 1
қорғану бөгетін
қайта қалпына
келтіру.
4. Қордай ауданында
ұзындығы 1, 2
шақырымдық 3
автожолдарды,
ұзындығы 4
шақырымдық су
арналарын және су
өткізу құрылыстарын
қайта қалпына
келтіру.
5. Мойынқұм ауданында
3 гидротехникалық
су арналарының
құрылыстарын, 3
қорғану бөгеттерін
қайта қалпына
келтіру.
6. Талас ауданында
су арналарын,
бөгеттерді қайта
қалпына келтіру.
Рысқұлов ауданында
6 көпірді, темір
бетон су арналарын
және басты
құрылыстарды қайта
қалпына келтіру.
Шу ауданында
бағыттаушы
бөгеттердің арналарын
және су жинайтын
науаларды қалпына
келтіру.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер:* Қордай ауданындағы су тасқынының салдарынан Жамбыл облысы аудандарындағы жолдарды, көпірлерді, гидротехникалық құрылыстарды қайта қалпына келтіру.

Ескерту:

Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын көрсеткіштердің саны мен сапасы, республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңбері тиісті жергілікті бюджет бағдарламасында көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
599-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу" 501 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 11000 теңге (он бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық-негізі: "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды құру және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Президенттің 2001 жылғы 16 наурыздағы Жарлығы ; "Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1159 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық басқару жүйесін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: төтенше жағдайлар саласында есеп жүргізу, төтенше жағдайлар жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық басқару жүйесі жөніндегі жалпы жүйелік құжаттар мен жобалық шешімдерді әзірлеу, төтенше жағдайлар жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің

функционалдық міндеттерін автоматтандыру бойынша бағдарламалық құралдар мен техникалық құжаттамаларды сүйемелдеу, функционалдық міндеттерді шешудің бағдарламалық құралдарын пайдалану, табиғи апаттар, ірі авариялар мен апаттар жөніндегі мәліметтер банкінің қызметін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі орталық аппаратының есептеу техникаларының , жергілікті есептеу жүйелерінің құралдарын монтаждау, жөндеу іске қосу жұмыстары және жүйелі техникалық қызмет көрсету, төтенше жағдайлар жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің аумақтық, ведомстволық және объектілік звеноларын құру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің корпоративтік сервері мен электронды поштасын қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

----------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !

!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

----------------------------------------------------------------

1 501 Қазақстан Қызметке (жұмысқа) Жыл Қазақстан Рес.

Республикасы ақы төлеу: бойы публикасының

Төтенше Төтенше жағдайлар Төтенше

жағдайлар жөніндегі жағдайлар

жөніндегі республикалық жөніндегі

агенттігінің автоматтандырылған агенттігі

ақпараттық ақпараттық-басқару

жүйелерін жүйесін 6 жаңа,

сүйемелдеу 8 модельді

геоақпараттық

жүйенің VFP, Web-

технологиясының

орталық торабын

бағдарламалық

қамтамасыз етуді

әзірлеу;

Төтенше жағдайлар

жөніндегі
автоматтандырылған
ақпараттық-басқару
жүйесін
регламенттік және
15 арнайы
міндеттерін
пайдалану;
деректер базасын
файл-серверде және
Төтенше жағдайлар
жөніндегі
агенттігінің
корпоративтік
серверінде әкімдеу,
130 есептеу
техникасы
құралдарына және
жергілікті есептеу
тораптарына
жүйелілік және
техникалық қызмет
көрсету, жұмыс
стансаларына,
жергілікті
тораптарға және
Төтенше жағдайлар
жөніндегі
агенттігінің
корпоративтік
жүйелері орталық
тораптарының
серверлеріне
профилактикалық
және жедел қызмет
көрсету;
3 серверді әкімдеу,
тораптық
операциялық

жүйелерді қолдау;
Төтенше жағдайлар
жөніндегі
агенттігінің Web-
сайтын қолдау
және дамыту;
компьютерлік
графика, сурет
және Төтенше
жағдайлар жөніндегі
агенттігі қызметін
40 беттік бейне
сүйемелдеу.
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: ақпаратты өңдеу мерзімін қысқарту және оны жедел ұсынуды арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
600-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйелерін құру" 601 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4000 мың теңге (төрт миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық-негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылым жасау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы Жарлығы ; "Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1159 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: төтенше жағдайлар саласындағы мониторингті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің бірегей ақпараттық жүйесін құру және дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің корпоративті желісінің және жылжымалы басқару пункттерінің аумақтық тораптарын есептеу техникаларымен, телекоммуникациялармен және байланыс құралдарымен жарақтандыру, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің компьютерлік паркін және бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

--------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !

!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !

!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

--------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

--------------------------------------------------------------------

1. 601 Қазақстан Сатып алу: Жыл Қазақстан Рес.

Республика. 1. Ұйымдастыру бойы публикасының

сының Төтенше техникасын 9 дана Төтенше

жағдайлар (принтер, монитор, жағдайлар

жөніндегі сканер, жүйелі жөніндегі

агенттігінің блок) агенттігі

ақпараттық 2. Принтерлер мен

жүйелерін көшіріп жазуға

құру арналған шығыс

материалдарын және

компьютер керек-

жарақтарын 860 дана

3. Байланыс

құралдарының керек

-жарақтары 15 дана

4. Бейне, сурет

техникаларына

арналған шығыс

материалдары 135 дана
5. Бағдарламалық
қамтамасыз ету 2 дана
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: төтенше жағдайлар аудандарындағы жағдай туралы дәл және жедел ақпарат, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігі туралы болжамды ақпараттар алу, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі уақытында жүргізілген жедел іс-шаралардың есебінен болуы ықтимал төтенше жағдайлардың залалдарын төмендету, халыққа көмек көрсету үшін күштер мен құралдарды құру мерзімін қысқарту және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, оларға уақытында хабарлау есебінен халық шығынын төмендету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
601-қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Астана қаласының сол жақ жағалауының құрылыстарын тасқын судың басып қалуынан қорғаудың жобалау-сметалық құжаттамаларын дайындау"**
**700 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 165000 мың теңге (жүз алпыс бес миллион).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығымен бекітілген "Астананы дамыту" 2005 жылғы кезеңге дейін Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; "Астана қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы N 1064 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласын Есіл
өзенінің тасқын сулары басып қалуынан қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын сулары басып қалуынан қорғау жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !бағдарламаны) !асыру!орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама. !іске асыру !мер. !
!ма. !ла. !ның) !жөніндегі !зімі !
!ның !ма. !атауы !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1. 700 Астана Жобалау-сметалық Жыл "Қазселден.
қаласының құжаттаманы жасау бойы қорғау"
сол жақ "Астана қаласын мемлекеттік
жағалауының Есіл өзенінің мекемесі
құрылыстарын тасқын сулары
тасқын судың басып қалуынан
басып қорғайтын
қалуынан инженерлік
қорғаудың құрылыстар"
жобалау- "жобасы" деңгейінде
сметалық (1-Жоба)
құжаттамала. 1. Вячеслав су
рын дайындау қоймасындағы
апаттық су
лақтырысы
(суландыру каналы)
2. Резервтегі су
қоймалары
3. Нұра қорғау
бөгеті
4. Есіл өзеніндегі
жаңа су қоймалары
5. Оларға қатысты
қала сыртындағы
жұмыстар

------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: "жоба" деңгейіндегі жобалау-сметалық құжаттаманы 2003 жылы жасау және бекіту және 2004 жылғы құрылыс көлеміне жұмысшы құжаттама әзірлеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК